**Ақмола облысы білім басқармасының**
**Шортанды ауданы бойынша білім беру бөлімінің жанындағы**
**Шортанды кентінің «Ақбота» балабақшасы»**
**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

«Ақбота» балабақшасының
2021 жылғы «31» тамыз
педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасымен бекітілген

# Перспективалық жоспар
## «Солнышко» ортаңғы тобы
## 2021-2022 оқу жылы

**Педагог: Оргарина Моншак Серикбаевна**

2021-2022 о\ж

Утверждаю:
Заведующая ГККП детский сад «Ақ бота»
____________________ Г.О.Мукашева
«___31___» август 2021 года

**3-4 жастағы «Солнышко» ортаңғы тобындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары**
**Учебный план дошкольного воспитания и обучения детей средней группы «Солнышко» 3-4 лет**

| ***Ұйымдастырылған оқу-қызметі Организованная учебная деятельность*** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері Дни недели** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| **«Здоровье»-3** | | 2.Физическая культура-1(с музыкой) | | 3.Физическая Культура-1 | 2.Физическая культура-1 |
| **«Коммуникация»-2,5** | 1. Каз.язык-1 | | | 2. .Развития речи-1 | 1.Худ.лит.(0.5)I-III-нед |
| **«Познание»-2,5** | | 1.Естестовозн.-1 | 1.Основа математики-1 | | 2.Конструрирование-(0.5) II-IV-нед |
| **«Творчество» 3** | 3. Рисования-1<br>2.Музыка-1 | 1.Лепка.(0.25)I-нед Аппликация(0.25)-IVнед | 3.Музыка-0.5)II-IVнед | | |
| **«Социум»-0,5** | | | | 1.Озн.с окр.миром (0.5) I-III-нед | |
| **Вариативный компонент-0,5** | | **Волшебный мир театра.(0.5)** | | | |

**Общий объем организованной учебной деятельности – 11.5**
**Вариативный компонент-0,5**
**Всего-12***
**Продолжительность организованной учебной деятельности – 15-20 минут**

Методист:____________________Мергенбаева А.Ж.

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша перспективалық жоспары 2021-2022 жыл**
**«Солнышко» ортаңғы тобы**

| Мерзімі | Өтпелі тақырып | Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы | Мақсаты мен міндеттері | Ойындар мен қосымша құралдар |
|---|---|---|---|---|
| Қыркүйек 1- апта | Балабақша | Менің балабақшам | Балаларды өз балабақшалары туралы қазақша айта білуге үйрету. Қимыл әрекеттерді білдіретін сөздермен таныстыру.(кел, отыр, бар, тұр, ал, әкел) | «Менің балабақшам» постері<br>«Балабақша» сюжетті-рөлдік ойын |
| 2- апта | | Менің достарым | Балаларды достарының аттарын, олар туралы қысқаша айта білуге үйрету. | Түрлі-түсті суреттер.<br>«Дос болайық бәріміз» ойын |
| 3- апта | | Менің ойыншықтарым | Балаларды өз ойыншықтары атап айта білуге баулу. Ерекше дыбыстармен таныстыру | «Ойыншықтар» постері<br>«Ойыншықтар дүкені» дидактикалық ойын |
| 4 – апта | | Жиһаздар | Балаларды топтағы жиһаз түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру Өз бөлмелеріндегі жиһаздарды атай білуге үйрету. | «Менің бөлмем» постері<br>«Ұқсас затты тап» дидактикалық ойын |
| Қазан 1- апта | Менің отбасым | Отбасы | Тіл байлықтарын дамыту, отбасы, әке,ана сөздерін үйрету. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | «Ғажайып қоржын», « Суреттер сөйлейді» |
| 2- апта | | Менің отбасымдағы адамдар | Өз отбасы мүшелерінің аттарын атай білуді үйрету. Дыбыстық жаттығуларды қайталау. | «Менің отбасым» постері<br>«Отбасы мүшелерін атап бер» дидактикалық ойын |
| 3- апта | | Жыл мезгілдері | Сөздік қорын байыту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту.<br>Табиғатқа деген сүйіспншілікке тәрбиелеу. | «Бұл қай мезгіл?»<br>«Не өзгерді?» дидактикалық ойын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 – апта | | Алтын күз | Күзгі мезгілі туралы қазақша қысқаша айта білуге үйрету.Күз айлары атауларын жаттату. | Түрлі-түсті плакаттар.<br>«Алтын күз» постері<br>Дидактикалық ойын: «Жемістерді себеттерге салайық» |
| Қараша<br>1- апта | Дені саудың жаны сау | Дұрыс тамақтану.<br>Дәрумендер | Қазақша тағам түрлерімен таныстыру. Дәрумендер атауларын үйрету. Жаңа сөздерді меңгерту. | «Супермаркет» постері.<br>«Көкөністерді жинайық» дидактикалық ойын |
| | | | | |
| 2- апта | | Пайдалы тағамдар | Дені сау болып өсу үшін пайдалы тағамдармен қоректену керектігін түсіндіру. Адам денсаулығының маңыздылығын түсіндіру. Дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу. | «Сұрақ-жауап», «Суреттер сөйлейді», «Артығын тап» |
| 3- апта | | Жеміс-жидектер | Жаңа сөздерді меңгерте отырып, жеміс-жидектерді атай білуге дағдыландыру. Көкөністер мен жемістерді бір - бірінен ажырата білуге үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | «Мен бастаймын, сен жалғастыр», «Дұрыс ата!», «Кім тез жинайды?» |
| 4 – апта | | Көкөністер | Жаңа сөздерді меңгерте отырып, жеміс-жидектерді атай білуге дағдыландыру. Көкөністер мен жемістерді бір - бірінен ажырата білуге үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | «Тыңда, қайтала», «Не жоқ?», Карточкалармен жұмыс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Желтоқсан 1- апта | Менің Қазақстаным | Менің отаным Қазақстан | Қазақстанның тарихи жерлерінің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. | Түрлі-түсті суреттер.<br>Қысқа метражды бейнебаян<br>«Суретті құрастыр» дидактикалық ойын. |
| 2- апта | | Қыс | «Қыс» тақырыбына байланысты қазақша сөздермен таныстыру. Қыс айлары атауларын жаттату | «Қыс қызығы» постері.<br>«Сөз ойла» дидактикалық ойын |
| 3- апта | | Отанымды сүйемін | Нұр-Сұлтан қаласы туралы өлең тақпақтар үйрету, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру танымдық білімдерін кеңейту, сөздік қорларының белсенділігін арттыру. | «Астана - елорда» түрлі-түсті суреттер, буклет.<br>«Сиқырлы сандық» дидактикалық ойын |
| 4 – апта | | Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер) | ҚР Тұңғыш Президентін атай білуге үйрету. Мемлекеттік рәміздердің атауларын жаттату. | «Менің Отаным» постері.<br>«Суретті таңда» дидактикалық ойын |
| Қаңтар 1- апта | Қоршаған орта | Үй құстары | Құстардың қазақша аттарын жаттату. Интерактивті оқыту құралы көмегімен құстардың дыбыстарын тыңдату. | «Құстар» постері<br>«Құстардың бейнелерін құрастыру» дидактикалық ойын |
| 2- апта | | Киім | Балаларға киімдердің қазақша аталуын үйрету, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру | «Сенде не бар?», «Сұрақ-жауап», «Киім дүкені» |
| 3- апта | | Транспорт түрлері | Көліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді анық айтуға жаттықтыру. «мынау не?» деген сұраққа<br>жауап беруге үйрету. | «Көліктер» постері<br>«Жасырынған көлікті ата» дидактикалық ойын |
| 4 – апта | | Дене мүшелері | Балаларға дене мүшелерінің қазақша атауларын үйрету. Тіл мәдениетін жетілдіру. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа тәрбиелеу. | «Не көріп тұрсың», «Мұрын,мұрын,мұрын...», «Мен бастаймын сен қошта». |
| Ақпан 1- апта | Ас адамның арқауы | Азық-түлік | Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.Тағамдардың аттарын қазақша атап күнделікті өмірде | «Қайталамақ», «Дәмді ойын» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | қабілеттерін дамыту. | |
| 2- апта | | Ас-атасы нан | Балаларға үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Ас атасы нан қайдан келетінін балаларға түсіндіру. Нанды қадірлей білуге тәрбиелеу. | «Сұрақ жауап», «Суреттер сөйлейді», «Менен кейін қайтала» |
| 3- апта | | Ет тағамдары | Ет тағамдарынан жасалатын тамақ түрлері туралы балаларға түсінік беру. Ет тағамдарын көбірек тұтынуға, ет құрамында көптеген дәрумендер барын түсіндіру. | «Дәмді ойын», «Суреттер сөйлейді». |
| 4 – апта | | Ыдыс-аяқ | Балаларға ыдыс аяқтың қазақша аталуын үйрету. Үлкен,кішкентай ұғымын қайталау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | «Сұрақ-жауап», «Тыңда, көрсет, қайтала», «Үлен бе,кішкентай ма?». |
| Наурыз 1- апта | Салттар мен фольклор | Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері | Қазақша салт-дәстүрлердің атауларымен таныстыру. Балаларды қатыстыра отырып ұлттық салт дәстүрлерді көрсету | Түрлі-түсті буклеттер «Киіз үй жиһаздары» дидактикалық ойын |
| 2- апта | | Нұр төккен, гүл көктем | Көктем мезгілі мен көктем айлары атауларын жаттату. Көктем туралы қысқаша сөз тіркестерін үйрету. | «Көктем», «Құстар» постерлері. «Көктем мезгілі» дидактикалық ойыны |
| 3- апта | | Нарыз мейрамы | Балаларға наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Наурыз мейрамын қалай атап өту керектігін, қандай ұлттық тағамдар дайындалатын түсіндіру. Балаларды достыққа тәрбиелеу. | «Сұрақ жауап», «Суреттер сөйлейді», «Бұл қандай тағам?» |
| 4 – апта | | Қазақстанда тұратын халықтар | Қазақстан мемлекетінің көп ұлттылығын ұғындырып, түсіндіру; сөздік қорларын молайту, тіл мәдениетін жетілдіру | Түрлі-түсті плакат «Менің достарым» дидактикалық ойын |
| Сәуір 1- апта | Жануарлар әлемі | Жабайы аңдар | Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру, түлкі, қоян, аю сөздерін дұрыс айтқызып үйрету. Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін ояту арқылы табиғатты сүюге баулу. | «Бұл қандай аң?», «Сұрақ-жауап», «жанды ойыншықтар» |
| 2- апта | | Үй жануарлары | Қазақ халқы үшін төрт түліктіңмаңыздылығы туралы мағлұмат | «Дауысынан таны», «Сұрақ-жауап», |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3- апта | | Төлдер | Балаларға үй жануарларын айыра білуге үйрету. Олардың төлдерін танып, аттарын атауға және оларды шақыруды үйрету. Баланың көру арқылы қабылдау түйсігін дамыту. Сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Үй жануарларын жақсы көруге, мейірімділікке тәрбиелеу. | «Менен кейін қайтала», «Төлін тап», «Дыбыстық жаттығулар» |
| 4 – апта | | Сүт тағамдары | Сүт және сүт тағамдарының түрлері бойынша түсінік беру, білімдерін тексеру. Сүттің құрамы және сүттен жасалатын тағамдар жайында мәлімет беріп,білімдерін дамыту. Сүт тағамдарын қадірлей білуге тәрбиелеу. | «Қайталамақ», «Сен білесің бе?» |
| Мамыр<br>1- апта | Әрқашан күн сөнбесін! | Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері) | Балаларға жеңіс туралы әңгімелеу. Қазақ батырларының есімдерін жаттатқызу. Қазақша атаулардың дұрыс<br>айтылуын қадағалау. | «Біздің батырлар» көрнекті суреттер бойынша әңгімелеу.<br>«Сөз ұйқастыр» дидактикалық ойыны |
| 2- апта | | Көңілді жаз | Балаларға жаз мезгілі, жаз айларының атауларын жаттату. Жаз мезгілі туралы<br>қысқаша сөз тіркестерін айта білуге үйрету. | «Жаз мезгілі» постері.<br>«Бұл қай кезде болады» дидактикалық ойыны |
| 3- апта | | Түстер | Түстер туралы мағлұмат бере отырып,олардың қазақша атауларын күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Жаңа сөздермен танысу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. | «Кемпірқосақ түстері», «Сұрақ жауап», «Бағдаршам» |
| 4 – апта | | Мен жасай аламын | Балалардың қазақ тілі сабағында алған білімдік, шеберлік, икемділік дағдыларына деңгейлік бақылау жүргізу. | Үлгілік материалдар |

**Ақмола облысы білім басқармасының**
**Шортанды ауданы бойынша білім беру бөлімінің жанындағы**
**Шортанды кентінің «Ақбота» балабақшасы»**
**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

# Циклограмма

**Топ:** «Солнышко» ортаңғы тобы
**Педагог:** Оргарина Моншак Серикбаевна

2021-2022 о\ж

## Циклограмма 2-апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>06.09.21 | 9:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Менің балабақшам»**<br>***Мақсаты:*** Балаларға балабақша туралы түсінік беру. Қазақ тіліне тін дыбыстарды (і,ө) дұрыс айтуға жаттықтыру, жаңа сөздермен таныстыру. Балабақша, төсек, үстел, кілем сөздерін дұрыс айту, қойылған сұраққа жауап беруге үйрету. Балабақшасын мақтан ете білуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Балабақшаның суреті, суретті сөздіктер.үлестірмелі материалдар.<br>**Сөздік жұмысы:** балабақша- детский сад, топ-группа,үстел-стол, кілем-ковер.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**<br>-Сәлеметсіздер ме!<br>Шаттық шеңберіне тұрғызу. Балалар дөңгелене тұрып, қатар тұрған көршілерінің аттары атап, бір-біріне қолдарын ұсынады.<br>-Балалар осы шаттық шеңберінде қол ұстасып тұрып , бір-біріміздің жылулығымызды сезінейік. Осы жақсы көңіл күйімізбен ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастаймыз.<br>**Ұйымдастырушылық ізденістік**: «Сұрақ-жауап» дидактикалық ойын.Өткен тақырыпты естеріне түсіру.<br>2.Жаңа тақырыпты бастамас бұрыс балабақшаның суретін көрсету. «Есіңе сақта» дидактикалық ойыны.<br>-Біздің балабақша «Ақбота» деп аталады. Балабақшамыз үлкен, жарық, таза, әдемі. Қане мына сөздерді қайталайық: балабақша, орындық, үстел, топ.<br>-Сендер қайда отырсыңдар?<br>-Кітаптар қайда тұр?<br>-Сендердің топтарың «Солнышко» деп аталады.<br>-Қане, бәріміз *топ* (группа) деген сөзді қайталайық.<br>3. Сергітін сәтін өткізу.<br>Балабақша әдемі<br>Балалардың әлемі<br>Орындық пен үстелді<br>Отырамыз әдемі.<br>4. Дыбыстық жаттығулар өткізу.БА-БА-БА-БАЛА<br>БА-БА-БА-БАҚША<br>5. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Суретке қарап сөздерді атау. Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту мақсатында бөлмедегі заттарды (үстел, орындық) орналастыру.<br>**Күтілген нәтиже:** топтағы заттарды қазақша атауды біледі; қойылған сұрақтарға жауап беруге дағдыланады; балабақша және топтарын қазақ тілінде айтуды меңгереді |

## Циклограмма 4-апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 20.09.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Достарым»**<br>*Мақсаты:*Балаларға достық туралы түсінік беру. Адал, шыншыл, қайырымды сөздерінің мағынасын түсіндіру. Достыққа адал болуға тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**Екі достың суреті. Суретті сөздіктер.<br>**Сөздік жұмысы:** дос-друг, достар-друзя, ойнайды-играеть, сурет салады-рисуеть<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіздерме балалар!<br>1. Шаттық шеңберіне тұрғызу. Балалар дөңгелене тұрып, қатар тұрған көршілерінің аттарын атап, бір-біріне қолдарын ұсынады.<br>-Балалар осы шаттық шеңберінде қол ұстасып тұрып, бір-біріміздің жылулығымызды сезінейік. Осы жақсы көңіл күйімізбен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бастаймыз.<br>**Ұйымдастырушылық ізденістік:**«Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыптарды естеріне түсіру. Өткен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізде қонақта қандай ойыншықтар болды?<br>-Біз қонжықпен қалай амандастық?<br>- Қандай сөздермен таныстық?<br>-Ойыншықтарды ала отырып, олардың атын атау.<br>-Мынау не?<br>2. Балалар сендердің достарың бар ма?, Достарыңның аттары кім?, Дос дегеніміз адал, мейірімді, қамқор, әрқашан жандарыңнан табылатын адам екенін айтып түсіндіру. Сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту. Жаңа сөздерді қайталап айтқызу. Суретті сөздікпен жұмыс жасау.<br>Сергіту сәті: Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз<br>Міне, біздер қандаймыз.<br>Екі досбейнеленген суретті бояу. Жаңа сөздерді қайталап айтып шығу.<br>**Күтілген нәтиже:** Дос тақырыбына қатысты сөздердің қазақша атауын айтып үйренеді; Мұғалімнің сөзін түсініп, тапсырманы орыдау дағдысы дамиды; дос тақырыбына байланысты сөздердің аудармасын дұрыс айтып, суреттен көрсете алады. |

## Циклограмма 3-апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырып |
| --- | --- | --- |
| Дүйсенбі 13.09.21 | 9:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Менің ойыншықтарым»**<br>***Мақсаты:***Доп, қуыршақ, мәшине сөздерін үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы жаңа сөздерді бекіту. Ойыншықтарын күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**ойыншықтар (доп, мәшине, қуыршақ) суретті сөздіктер.<br>**Сөздік жұмысы:**ойыншық-игрушка, рақмет-спасибо, благодарю, доп-мяч, қуыршақ-кукла.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**Қайырлы күн балалар! Күніміз сәтті болсын!<br>1. Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрып, төмендегі өлең жолодарын бірге қосылып айтады.<br>Біздің топта ұл қыздар<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>2. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты естеріне түсіру.<br>-Мынау кім?<br>-Мынау не?<br>**Ұйымдастырушылық ізденістік:**<br>3. Топты бағдарлап не көріп тұрғандарын сұрау. «Қимылды ойыншықтар» дидактикалық ойыны. Шарты: балалар өздері қалаған ойыншықтарды көрсетеді, қимылмен салады немесе олардың қалай дыбыстайтынын дауыстап айтады.<br>4. Дыбыстық жаттығулар. ОЙ-ОЙ-ОЙ-ОЙЫНШЫҚ.<br>ДО-ДО-ДО-ДОП.<br>5. Сергіту сәті: Мен әдемі қуыршақпын<br>Оңға, солға бұрыламын<br>Допты жерден аламын,<br>Қайта жерге қоямын.<br>6. «Кім тапқыр» дидактикалық ойыны. Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту мақсатында үлестірмелі материалдармен жұмыс жүргізеді. Оқытушы айтқан сөздерге сәйкес суреттерді көрсетеді. Суреттер арқылы сөздерді қайталау.<br>**Күтілген нәтиже:**ойыншықтар, доп, мәшине сөздерінің аудармасын біледі; ойыншықтардың үлестірмелі материалдармен жұмыс жасай отырып, тапсырманы түсініп, дұрыс орындайды; ойыншықтардың қазақша атауын меңгереді. |

**Циклограмма 5-апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 27.09.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:«Жиһаздар»***<br>***Мақсаты:***Балаларға топтағы жиһаздарды таныстырып, оларды таза ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар арқылы жаңа сөздерді бекіту.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Балабақшадағы жиһаздардың суреттері. Суретті сөздіктер.<br>**Сөздік жұмысы:**төсек-кровать; орындық-стол; үстел-стул; тақта-доска.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**Сәлеметсіндерме балалар!<br>Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрып, төмендегі өлең жолодарын бірге қосылып айтады<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сенде<br>Қуанайық достарым<br>Жарқыраған күнге.<br>**Ұйымдастырушылық ізденістік**:<br>Өткен тақрыты еске түсіру мақсатында балаларға сұрақтар қою. Сенің досың барма? Досыңның аты кім? Достың бойындағы қасиеттері туралы айтып өткен тақырыпты естеріне түсіру.<br>Топты бағдарлап не көріп тұрғандарын сұрау.<br>«Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны.<br>-Мынау не? Мынау төсек;<br>-Мынау не? Мынау орындық;<br>-Ал мынау не, Мынау үстел;<br>Балабақшадағы жиһаздардың суреттерін көрсетіп, жиһаздарды таза, ұқыпты ұстау керктігін айтып түсіндіру. Сөздікпен жұмыс жасау. Жаңа сөздерді қайталап айту.Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту мақсатында үлестірмелі материалдармен жұмыс жүргізу. Оқушы айтқан сөздерге сәйкес суретті көрсетеді.<br>**Күтілген нәтиже**:Балабақшадағы жиһаздарды ұқыпты, таза ұстау керектігін біледі; жаңа сөздерді дұрыс айтуды игереді; жиһаздардың қазақша атауын меңгереді. |

**Циклограмма 4-апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 18.10.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>*Тақырыбы:* **«Отбасы»**<br>***Мақсаты:*** Жаңа *отбасы, әке, ана* сөздерін үйрету арқылы сөздік қорларын толықтыру.Қысқаша сұрақтарға жауап бергізу арқылы ауызекі сөйлеуге жаттықтыру. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**суретті сөздіктер,отбасысуреттері, фото альбом.<br>**Сөздік жұмысы:**отбасы-семья, ана-мама, әке-папа.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**Қайырлы күн, балалар! Күніміз сәтті болсын!<br>1.Шаттық шеңберіне тұрғызу. Балалар сендерді аналарың еркелетіп, қандай жылы сөздер айтады? Өткен сабақты естеріне түсіру үшін бірнеше сұрақтар қою.<br>-Мынау не?<br>-Жапырақтардың түсі қандай?<br>-Күзде қандай табиғи құбылыстар болады?<br>**Ұйымдастырушылық ізденістік**:<br>2. Жаңа сөздермен танысу.<br>-Балалар! Қарандаршы біге хат келіпті, әдемі хатқалтаның сыртында «Ақбота» балабақшасына деп жазылыпты. (Ішінде алдын ала салынған ата, ана, әке, бала суреттері)<br>-Қандай керемет! Мына суреттерде кімдер бар?<br>3.Үлестірмелі материалдағы суреттермен жұмыс.<br>-Мынау-әке<br>-Мынау-ана<br>-Мынау-ұл<br>-Мынау-қыз<br>4.Сергіту сәтін өткізу: Әкем менің қайратты<br>Анам менің ақылды.<br>Ұл мен қызы жарасқан<br>Татумыз біз осындай.<br>5.«Суреттер сөйлейді» сөздік ойыны. Тақтада ілінген суреттегі бейнелерді атау, бірге қайталау. Жапсырмаларды ретімен жапсыртқызу.<br>**Күтілген нәтиже:**отбасы мүшелерінің қазақша атауын біледі; үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін өмірде қолдана біледі; сурет бойынша отбасы мүшелерін -әке, ана, баланы ажыратып, оларды атайды. |

## Циклограмма 5-апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>25.10.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Менің отбасымдағы адамдар»**<br>***Мақсаты:*** *Отбасы,әже, ата, әке,ана,аға, әпкенің* рөлі, отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері, отбасындағы жағымды өзара қарым- қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. Қысқаша сұрақтарға жауап бергізу арқылы ауызекі сөйлеуге жаттықтыру. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** суретті сөздіктер, отбасымен түскен суреттер, фото альбом.<br>**Сөздік жұмысы:** отбасы-семья, ата-дедушка, әже-бабушка,әке-папа, ана-мама, аға-брат, әпке-сестра.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:** Қайырлы күн балалар! Күніміз сәтті өтсін.<br>1.Шаттық шеңберіне тұрғызу: Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге.<br>2.Өткен сабақты еске түсіру үшін балаларға бірнеше сұрақтар қою.<br>Балалар өткен тақырыпта біз не туралы сөйлестік? «Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны.<br>-Мынау кім?<br>**Ұйымдастырушылық ізденістік:**<br>3.Балалар бүгін біз өз отбасымыз туралы айтатын боламыз. Жаңа сөздермен танысайық.<br>-Мынау-әке.<br>-Мынау-ана.<br>Мынау-ұл.<br>-Мынау-қыз.<br>4.Сергіту сәтін өткізу. Әкем менің қайратты<br>Анам менің ақылды.<br>Ұл мен қызы жарасқан<br>Татумыз біз осындай.<br>5.Үлестірмелі материалдармен жұмыс. «Суреттер сөйлейді» сөздік ойыны. Тақтада ілінген суреттегі бейнелерді атау, бірге қайталау.<br>**Күтілген нәтиже:** отбасы мүшелерінің қазақша атауын біледі; үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін өмірде қолдана біледі; сурет бойынша отбасы мүшелерін –ата, әже,әке, ана, әпке,аға, баланы ажыратып, оларды атайды. |

## Циклограмма 2-апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>04.10.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Жыл мезгілдері»**<br>***Мақсаты:***1. Жаңа сөздерді үйрете отырып, сөздік қорларын байыту.<br>2. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейті.<br>3. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Қоданылатын көрнекілітер:** Жыл мезгілдерінің суреттері. Жыл мезгілдеріне қатысты карточкалар.<br>**Сөздік жұмысы:**жыл мезгілі-время года<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**Сәлеметсіңдер ме балалар!<br>1. Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрып бір-біріне ыстық лебіздерін білдіреді.<br>2. Көңіл күй» дидактикалық ойыны. Шарты: Әр түрлі көңіл күйді көрсететін суреттер арқылы көңілді, мұңды деген сияқты сөздерді қайталау.<br>Жабырқау; Көңілді; Мұңды.<br>**Ұйымдастырушылық ізденістік:**<br>3. Балаларға төрт жыл мезгілдерінің суретін көрсету. Жыл мезгілдерінің суреттерін көрсету арқылы әр жыл мезгілдеріндегі табиғи құбылыстар туралы айтып түсіндіру. Жыл мезгілдерінің өзгеруіне байланысты табиғи құбылыстардың да өзгеруін айтып түсіндіру.<br>4. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Жыл мезгілдеріне байланысты сөздер айту. **Жаз мезгілі.***Далада күн ыстық. Әдемі гүлдер көп.***Күз мезгілі.** *Далада жел. Күн суық.*<br>5. Сергіту сәтін өткізу. Балабақша тамаша<br>Ойнаймыз біз жараса<br>Күз өтіп, қыс болады.<br>Көктем келді алақай!<br>Жаз шуағын төккенде,<br>Бір жасқа мен өсемін.<br>6. Дыбыстық жаттығулар: ЖА-ЖА- ЖАЗ<br>ҚЫ-ҚЫ- ҚЫС<br>КӨ-КӨ- КӨКТЕМ<br>КҮ-КҮ- КҮЗ<br>**Күтілген нәтиже:** жыл мезгілдерінің қазақша атауларын күнделікті өмірде қолдану; жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін білу; жыл мезгілдерінің суреттерін әр түрлі суреттер арқылы сәйкестендіре алуды меңгерді. |

# Циклограмма 3-апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>11.10.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Алтын күз»**<br>***Мақсаты:*** Балаларға күз туралы түсінік беру. *Күз, жаңбыр, алма, жапырақ* сөздерін дұрыс айтуға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**Жемістер мен көкөністер, суретті сөзіктер.<br>**Сөздік жұмысы:**күз-осень, жапырақ-лист, жаңбыр-дождь, алма-яблоко<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**Сәлеметсіздерме балалар!<br>Өткен сабақты естеріне түсіру мақсатында балаларға бірнеше сұрақ қойылады:<br>1. Қанша жыл мезгілі бар?<br>2. Жыл мезгілдерін ата?<br>Өткен тақырыптағы жаңа сөздерді еске түсіріп, қайталаймыз.<br>**Ұйымдастырушылық ізденістік:**Тақтадағы суреттермен әңгіме өткізу. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Күз, жапырақ, жаңбыр, алма.<br>Күз мезгілі. Ағаш жапырақтары сарғайған. Мынау-алма. Күзде жемістер көп болады. Күзде жаңбыр жиі жауады.<br>3.Сергіту сәтін өткізу: Күн шықты<br>Сәулесін шашты<br>Бұлт жапты<br>Жаңбыр жауды<br>Кемпірқосақ шықты<br><br>4.Дыбыстық жаттығулар өткізу.<br>ҮЗ-ҮЗ-ҮЗ КҮЗ<br>АҚ-АҚ-АҚ ЖАПЫРАҚ<br>АҢ-АҢ-АҢ ЖАҢБЫР<br>5.Үлестірмелі материалдар арқылы жұмыс. Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту мақсатында суретке қарап жеке сөздерді айту: жапырақ, алма, алмұрт.<br><br>**Күтілген нәтиже:** күз, жапырақ, алма, жаңбыр сөздерінің аудармасын біледі; күз мезгілінде болатын өзгерістер туралы түсінік алады; күз мезгіліне қатысты сөздерді бір екі сөзбен айта алады. |

## Циклограмма 1 апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>01.11.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>*Тақырыбы:* **«Дұрыс тамақтану»**<br>***Мақсаты:*** Дені сау болып өсу үшін дұрыс қоректену керектігін түсіндіру; адам денсаулығының қымбаттылығын түсіну, дәрумендер туралы білімдерін кеңейті; денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**Пайдалы және зиянды тағамдардың суреттер.<br>**Сөздік жұмысы:**азық-түлік – продукты, дәрумендер – витамины, пайдалы-полезный, зиянды-вредный.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**Сәлеметсіңдерме балалар!<br>1.Өткен сабақты еске түсіру үшін балаларға бірнеше сұрақтар қою.<br>Балалар өткен тақырыпта біз не туралы сөйлестік? «Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны.<br>-Мынау кім?<br>-Отбасы мүшелерін ата?<br>2.**Сергіту сәті:**<br>3.Мұнда назар аударайықшы: Азық-түліктердің суреттерін көрсетіп әңгімелеу. Ең қажетті тағамды адам тәбетпен жейді. Тәбетпен ішілген ас, адам денсаулығы үшін пайдалы.Егер адам бірақ түрлі тағаммен ғана тамақтанса, әлсіз және жиі ауырғыш болады. тағамдардың құрамында әртүрлі пайдалы заттар, әсіресе дәрумендер болуы қажет. Жеміс – жидектер мен көкөністерді өз қажетінше көп жеу керек, өйткені олар дәрумендер мен пайдалы заттарға толы.<br>4.**«Суреттер сөйлейді»** балаларға суреттерде көрсету арқылы пайдалы және зиянды тағамдарды ажылатуды үйрету.<br>5. Балалар менің сендермен ойын ойнағым келіп тұр. **«Артығын тап»**ойыны. Тақтаға ілінген жемістер мен көгөністердің суретінің ішінен артық суретті алып тастайды.<br>**А** дәрумені көздің көруін жақсартады.<br>**В** дәрумені ағзаны нығайтып, күш-қуат береді.<br>**Д** дәрумені сүйектерді қатайтады.<br>**С** дәрумені иммунитетті көтеріп, ауруға карсы тұрады. **Күтілетін нәтиже:**Дәрумендер адам ағзасына пайдалы екенін ұғынады. Дәрумендер пайдасы туралы түсінеді Жемістер мен көеністерді қолданады. |

**Циклограмма 2 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырып |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 08.11.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Пайдалы тағамдар»**<br>***Мақсаты:*** Дені сау болып өсу үшін дұрыс қоректену керектігін түсіндіру; адам денсаулығының қымбаттылығын түсіну, дәрумендер туралы білімдерін кеңейті; денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**Пайдалы тағамдардың суреттері.<br>**Сөздік жұмысы:**азық-түлік – продукты, дәрумендер – витамины, пайдалы-полезный<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**Сәлеметсіңдерме балалар!<br>1.Өткен сабақты еске түсіру үшін балаларға бірнеше сұрақтар қою.<br>Балалар өткен тақырыпта біз не туралы сөйлестік? «Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны.<br>-Мынау не?<br>-Зиянды тағамдарды ата?<br>2.**Сергіту сәті:**<br>3.Мұнда назар аударайықшы: Азық-түліктердің суреттерін көрсетіп әңгімелеу. Ең қажетті тағамды адам тәбетпен жейді. Тәбетпен ішілген ас, адам денсаулығы үшін пайдалы.Егер адам бірақ түрлі тағаммен ғана тамақтанса, әлсіз және жиі ауырғыш болады. тағамдардың құрамында әртүрлі пайдалы заттар, әсіресе дәрумендер болуы қажет. Жеміс – жидектер мен көкөністерді өз қажетінше көп жеу керек, өйткені олар дәрумендер мен пайдалы заттарға толы.<br>4.**«Суреттер сөйлейді»** балаларға суреттерде көрсету арқылы пайдалы және зиянды тағамдарды ажылатуды үйрету.<br>5. Балалар менің сендермен ойын ойнағым келіп тұр. **«Артығын тап»**ойыны. Тақтаға ілінген жемістер мен көгөністердің суретінің ішінен артық суретті алып тастайды.<br>Сүттің құрамында**А, С, Д** дәрумені бар.Көздің көруін жақсартады.**В** дәрумені ағзаны нығайтып, күш-қуат береді.**Д** дәрумені сүйектерді қатайтады.<br>**С** дәрумені иммунитетті көтеріп, ауруға қарсы тұрады.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**Дәрумендер адам ағзасына пайдалы екенін ұғынады. Дәрумендер пайдасы туралы түсінеді Жемістер мен көкөністерді қолданады. |

**Циклограмма 3 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 15.11.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Жеміс-жидектер»**<br>***Мақсаты:*** Жаңа сөздерді меңгерте отырып, жеміс-жидектерді атай білуге дағдыландыру. Көкөністер мен жемістерді бір - бірінен ажырата білуге үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Үлестірмелі материал, жемістер муляж, себет , жеміс суреттері.<br>**Сөздік жұмысы:** Алма-яблоко, алмұрт-груша, жүзім-виноград, шие-вишня.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**Сәлеметсіңдерме балалар!<br>Балалар, бәрімен амандасып, бір-біріне жылы тілек айтады.Күніміз ашық болсын, еліміз тыныш болсын, елбасымыз аман болсын...<br>**1.Ойын «Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>1 Апта күндерін : дүйсенбі ....<br>2 Жыл мезгілдері: қыс, ...<br>3 Қыстын айлары желтоқсан -.....<br>**2. Жаңа сабақ: Жеміс-жидектер.**<br>**«Дұрыс ата!» ойын-жаттығу**. Көкөністерді мен жемістерді бір себетке салып қоямыз,балалар, танитын көкөністерді айтады.<br>-Мынау-алма ( алмұрт, жүзім,банан, апельсин, лимон)<br>-Оның түсі қандай?<br>-Ол дәмді ме?<br>-Иә.<br>**3. Сергіту сәті:** Балалар шеңбер бойына тұрып, сергіту сәтінің өлеңін қимыл-қозғалыстарына сай орындайды, бір-бір қоржыннан алады, екінші рет ойнағанда орнына салады.<br>Күзгі шақта<br>Біздің бақта<br>Түрлі түсті<br>Жеміс пісті: алма, алмұрт,жүзім, банан, апельсин, лимон.<br>**4. «Кім тез жинайды?» дамытушылық ойыны.** Екі шеңберді екі жаққа қояды. Жеміс пен көкөністерді екі себетке бөлек жинау. Жеміс пен көкөністерді топтастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**Жеміс жидектердің атауын қазақша айтып үйренеді; сұраққа жауап беруге дағдыланады; жемістер мен көкөністерді ажырата алады. |

**Циклограмма 4 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 22.11.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Көкөністер»**<br>***Мақсаты:*** Жаңа сөздерді меңгерте отырып, жеміс-жидектерді атай білуге дағдыландыру. Көкөністер мен жемістерді бір - бірінен ажырата білуге үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Суреттер, себет пен көкөністердің суреті.<br>**Сөздік жұмысы:**Көкөністер-овощи, орамжапырақ-капуста, пияз-лук, картоп-картошка, қызанақ-помидор, асқабақ-тыква, қызылша-свекла, сәбіз-морковь, бұрыш-перец, қияр-огурец.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**<br>**1.Шаттық шеңберіне тұру.**<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен өсейік.<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік.<br>-Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>**2.«Тыңда, қайтала»** дидактикалықойын.Көкөністердіқазақшаатаудыүйрету.<br>Сөздікжұмысынжүргізу. Көкөністер-овощи, орамжапырақ-капуста, пияз-лук,<br>картоп-картошка, қызана-помидор, асқабақ-тыква, қызылша-свекла, сәбіз-морковь, перец-бұрыш, қияр-огурец.<br>**3.«Не жоқ?» ойыны**. Балалардыңкөру, естесақтауқабілетінарттыру.<br>Шарты: тақтағакөкөністердіңсуретіілінеді. Балалардыңкөзінжұмғызып, көкөністіңбіреуінжасырады. Балаларкөздерінашыпқайкөкөнісжоғынайтады.<br>**4.Сергіту сәті:**<br>Көкөністергебайланыстытүрліс-қимылдардыорындату.<br>Бақшағабарамыз, картоптықазамыз, картоптытереміз,шелеккесаламыз.Балабақшағақайтамыз.<br><br>**5.Карточкамен жұмыс**. Тапсырма: Көкөністердісанап, себетке сал.<br><br>**Күтілетіннәтиже:**<br>Көкөністердің қазақша атауын атайды.<br>Сөздерді байланыстырып сөйлеуге, монолог құрауға дағдыланды.<br>Өткен сабақта үйренген сөздерін күнделікті қолдануды меңгерді. |

Проверила методист [signature]

## Циклограмма 5 апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 29.11.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Менің отаным-Қазақстан»**<br>***Мақсаты:*** Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру. Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**Мемлекеттік Рәміздер, Қазақстан картасы, суреттер, отан туралы мақал-мәтелдер.<br>**Сөздік жұмысы:** Отан-родина, туған жер-родная земля, Астана-столица, қала-город.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**<br>1.Шаттық шаңбері:<br>-Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Біз бақытты баламыз.- дей отырып, «Менің Отаным -Қазақстан» атты сабағымызды бастаймыз.<br>Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады. Балалар, сендер қандай ән орындадыңдар?-Қазақстан Республикасының ән орындадық.Дұрыс айтасыңдар, балалар. Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Біз оны рәміздер деп аталады. Осы рәміздер туралы жеке-жеке түсінік беріп өтейік.Мынау – біздің туымыз. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсас көк аспандай көгілдір., ортасында күн, астында бүркіт ұшып келе жатыр.Мынау – елтаңбамыз. Елтаңбада шаңырақ, күн сәулесі, бес бұрышты жұлдыз. «Қазақстан» деген жазуы бар.-Балалар,үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұранымыз орындалады. Рәміздерді үлкен де , кіші де құрметпен жоғары ұстауы тиіс**2.Сергіту сәті:**Гүлдей жайнап, күндей жайнап,Мен ер жетіп толамын.Әжем айтқан дәу жігіт боп,Ағалардай боламын. 3.-Балалар қанекей, көк туымыз мәңгілікке асқақтап, желбірей берсін деген ниетпен , мына күн сәулелерін сендерге таратып беремін.Ал, сендер, өз тілектеріңді, отанға деген сүйіспеншіліктеріңді айтып, күн сәулесін құрап жасаймыз.<br>**Күтілетін нәтиже:** Отан, Атамекен, Қазақстан туралы біледі; Отанға деген махабаттың өзіндік ерекшелігін түсінеді; Туған жерінің табиғатын, елін, жерін, отбасын сүюдің қарапайым дағдыларын меңгереді. |

Тексерілді
Әдіскер: [signature]

**Циклограмма 1 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 06.12.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Қыс»**<br>***Мақсаты:***Жыл мезгілі қыс туралы түсінік беру; қыс,қар,аққала, шана сөздерін үйрету, ауызекі сөйлеулерін жетілдіру;қысқы ойын аққаланы қалай жасайтындығын түсіндіру арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**қыс мезгілі туралы слайд, суретті сөздіктер.Үлестірмелі материалдар.<br>**Сөздік жұмысы:**қыс-зима, қар-снег, аққала-снеговик, шана-санки.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**<br>-Сәлеметсіңдер ме! Қайырлы күн балалар! Күніміз сәтті болсын!<br>1.«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты қайталау. Өткен тақырып бойынша суреттерді алып шолу жасау.<br>2.Тақтадағы суреттермен әңгімелеу. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. ***Қыс,қар,аққала,шана*** сөздерін балалар бірге және жеке қайталайды. Қыс мезгілі, дала аппақ қар. Балалар аққала жасады.Шанамен сырғанады. Балалар тақтада әдемі аққаланың суреті тұр, сендер де дәл осындай аққала жасаңдар. Аққаламыз керемет болып шықты. Жарайсыңдар балалар!<br>3.**Сергіту сәті:**Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір.<br>Ақ мамық қар жауып,<br>Біз аққала жасаймыз.<br><br>4.Дыбыстық жаттығулар.<br><br>ҚА-ҚА-ҚА-ҚАР<br><br>АҚ-АҚ-АҚ-АҚҚАЛА<br><br>ЫС-ЫС-ЫС-ҚЫС<br><br>5.Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, ауызекі тілдерін жетілдіру мақсатында «Бұл қай мезгіл» ойынын ойнау. Ойын арқылы алған білімдерін пысықтайды. *Зима-қыс, снег-қар, снеговик-аққала,* аққаланың суретін бояту.<br>**Күтілетін нәтиже:**Жаңа қыс, қар, аққала, шана сөздерін үйрену; ұжым болып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; қыс мезгілігің ерекшелігін біліп, соларды екі үш сөзден тұратын сөйлемдермен айту. |

**Циклограмма 2 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 13.12.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Отанымды сүйемін»**<br>***Мақсаты:***Отан, сүйіспеншілік, татулық туралы түсініктерін кеңейту; Отанға деген сүйіспеншілігін, мақтанышын арттыру;Отанын сүюге, патриоттыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**Қазақстан Республикасының рәміздері. Нұрсұлтан қаласының суреті.<br>**Сөздік жұмысы:** Отан- Родина, туғанжер–роднаяземля, отбасы–семья.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Ал, балалар қане бәріміз шеңбер құрайық. Күн туған жерімізге нұрын шашып, әрдайым шуағын төгіп тұрады. Сол күнге ұқсас шеңберімізде тұрып әнұранды шырқайық.<br>1.Біздің Отанымыз қалай аталады?-Біз бас қалада қай қала?-Қай тілде сөйлейміз?-Бізқандай ұлтпыз?-Тобымыздың аты ше?Әр адамның өз Отаны болады. Отан – ол біздің туған жеріміз, отбасымыз, осы тобымыз, айнала қоршаған ортамыз. Қазақстан үлкен, ғажап, әдемі ел. Қазақстан – біздің сүйікті отанымыз, оны мақтан тұтамыз.<br>2.**Сергіту сәті:**Отан бізді баласындай<br>Асырап бізді қорғайдыБіз Отанды сүйеміз,<br>Дос боп мәңгі жүреміз.<br><br>3. Тақтадағы суреттермен әңгімелеу. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Тақтадағы ілінген суреттерді таныстырып суреттермен жұмыс жасау. Қазақстан картасымен таныстыру. Рәміздер туралы жеке-жеке түсінік беріп өтейік. Мынау –біздің туымыз. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсас көк аспандай көгілдір. Балалар ,үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұранымыз орындалады. Рәміздерді үлкен де , кіші де құрметпен жоғары ұстауы тисБалалардың естерінде қалу үшін бірнеше рет айталату. Бас қала Нұр-Сұлтан, Қазақстан, Астана,Отбасы т.б.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Отан туралы түсініктерiқалыптасады.Отаны жайлы өз ойымен, білгендерімен бөлісе алуды үйренеді. Отанын сүйе білуді,құрметтеуді меңгереді. |

**Циклограмма апта 4 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 20.12.21 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:***«**Қ. Р. Тұңғыш Президенті,мемлекеттік рәміздер»**<br>***Мақсаты:*** Қ.Р.тұңғыш президенті кім екендігі туралы балаларға түсінік беру.Оның халыққа қызмет ететіндігін түсіндіру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер: сұрақ жауап, суретті сөздіктер.**<br>**Сөздік жұмысы**:елбасы-президент, рәміздер-символы<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіңдер ме!<br>Сәлем саған Көк аспан,<br>Сәлем саған Жер-ана,<br>Сәлем саған Алтын Күн!<br>Сәлемет пе достарым?<br>2.**Ой қозғау: «Сұрақ-жауап»**<br>-Біз қай елде тұрамыз?<br>-Елордамыз қай қала?<br>-Елбасымыз кім?<br>-Рәміздерді білесіңдер ме?<br>Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Шамалған ауылында туған. Қазақстанның мемлекет қайраткер, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігінің бұрынғы төрағасы. Қ.Р. мемлекеттік рәміздері: ту, елтаңба, әнұран.Біздің елордамыз Нұрсұлтан қаласы.<br>3.«Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Тақтада ілінген суреттердітаныстырып суреттермен жұмыс жасау. Қазақстан картасымен таныстыру. Рәміздер туралы жеке жеке түсінік беріп өту.<br>4.**Сергіту сәті:** Сары,жасыл,қызыл көк гүлдер,<br>Бұл недеген көп гүлдер.<br>Теріп,теріп алайық,<br>Қонақтарға сыйлайық.<br>5.**«Менен кейін қайтала...»** дидактикалық ойыны<br>-Мынау кім?<br>-Мынау не?<br>-Тудың түсі қандай?<br>**Күтілетін нәтиже:** Отан туралы түсініктері қалыптасады Отан жайлы, тұңғыз президент туралы өөз ойымен, білгендерімен бөлісе алады. Отанын сүйе білуді,, құрметтеуді меңгереді. |

**Циклограмма 3 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Сәрсенбі 03.01.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Үй құстары»**<br>***Мақсаты:***Балаларға үй құстары туралы түсінік беру.Жаңа сөздерді меңгерте отырып,сөздік қорларын толықтыру, осы сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Суретті сөздіктер, ойыншықтар, тауық,қораз,балапан. Үлестірмелі материалдар.<br>**Сөздік жұмысы:** Үй құстары-домашние птицы, тауық-курица, әтеш-петух, балапан-цыпленок.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:** -Сәлеметсіңдер ме! Қайырлы күн,балалар!<br>1.Шаттық шеңберіне тұрғызу. Балалар дөңгелене тұрып, қатар тұрған көршілерінің аттары атап, бір-біріне қолдарын ұсынады.<br>-Балалар осы шаттық шеңберінде қол ұстасып тұрып , бір-біріміздің жылулығымызды сезінейік. Осы жақсы көңіл күйімізбен ұйымдастырылған оқу қызыметімізді бастаймыз.<br><br>2.«Мен бастаймын,сен қошта» сөздік ойыны. Өткен тақырыпты естеріне түсіру. Тақтадағы суреттерді көрсетіп,естеріне түсіру. Киімдердің түрлерін айтады.<br>-Көйлек кімдерге арналған киім?<br>-Көйлектің түсі қандай?<br>3.Серіту сәті: «Ұшты,ұшты…» ойыны ойнатылады.<br>4. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Үй құстары бейнеленген суреттер ілініп,құстардың қазақша атауларымен таныстыру. ***(Тауық,балапан,ит,әтеш,мысық*** сөздерді бірнеше қайталау)<br>«Ғажайып қоржын»дидактикалық ойыны. Қоржынның ішінен ойыншықтарды бір-бірлеп шығарып, сұрақ жауап әдісі арқылы аттарын ататқызады.<br>-Мынау не?<br>5. Үлестірмелі матриалдармен жұмыс. Балаларға суреттерді көрсетіп, суретте бейнеленгендердің аттарын ататады. Суретте бейнеленген балапанның суретін жинақтап жапсырып шығу.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** *Әтеш,тауық, балапан* сөздерінің қазақша атауын естеріне сақтау,осы сөздерді кездесетін қазақтың төл дыбыстарын дұрыс айта білу. Үй құстары жайлы мағлұматтар ала отырып, солар туралы бірнеше сөздерден тұратын сөйлемдер құрастыра білу. |

**Циклограмма 2 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 12.01.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Киім»**<br>***Мақсаты:***Балаларға киімдердің қазақша атауын үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** қуыршақ,қуыршақтың киімдері,суретті сөздіктер.<br>**Сөздік жұмысы:** ктиім одежда,жейде рубашка, көйлек платье, шалбар брюки.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Өткен тақырыпты естеріне түсіру.<br>**1.«Сенде не бар?» дидактикалық ойын.**<br>Тақтаға киімдердің суреттері ілінеді,сол бойынша киімдердің аттарын айту, қайталау. Балалар көрсеткен суретті бірге қайталайды. (*жейде,көйлек,шалбар*).<br>Балалардың үстіндегі киімдерінің атын айту.<br>-Мынау не?<br>-Сенің үстіңдегі не?<br>-Сенің киімің қандай?<br>**2. Сергіту сәтін өткізу.**<br>Орнымнан тұрамын<br>Киімімді киемін.<br>Оңға,солға бұрылып,<br>Айнаға қараймын.<br>**3.Дыбыстық жаттығулар өткізу.** Балалар сөздерді бірге және жеке жеке қайталайды.<br>КӨ-КӨ-КӨ КӨЙЛЕК<br>ША-ША-ША ШАЛБАР<br>**4.Үлестірмелі материалдармен жұмыс**. Суреттегі киімдердің атауын атау.<br>-Жейде<br>-Көйлек<br>-Қыз не киеді?<br>-Ұл не киеді?<br>**Күтілетін нәтиже:** көйлек,шалбар,жейде сөздерінің аудармасын біліп,оларды дұрыс айтуды үйрену;үлестірмелі материалдармен жұмыс жасау арқылы киім киюдің ретін біліп «киім киемін», «көйлек киемін» деген сөз тіркестерін меңгереді; киімдердің қазақша атауын дұрыс атай біледі. |

**Циклограмма апта 3 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>10.01.22. | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Транспорт түрлері»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың көлік туралы түсінігін кеңейту.Су ,ауа, жер көліктер түрлерімен таныстыру. Көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, салыстыра білуге үйрету.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер: сұрақ жауап, суретті сөздіктер.**<br>**Сөздік жұмысы**:машина мәшине, ұшақ самолет, пойыз поезд, көлік транспорт.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіңдер ме!<br>Сәлем саған Көк аспан,<br>Сәлем саған Жер-ана,<br>Сәлем саған Алтын Күн!<br>Сәлемет пе достарым?<br>2.Балалар бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын мына дыбыстарды тауып алайықшы. Қандай дбыс шығып тұр? (ұшақ,пойыз, мәшение) Балалар жауап береді. Иә балалар дұрысайтасыңдар бұлар көліктердің дыбыстары. Бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы «Көлік түрлері» деп аталады. Слайд арқылы жаңа сабақты түсіндіру.<br><br>**3.Сергіту сәті:** Автобуста балалар орындыққа отырады.<br>Әуен ойнағанда, әуен бойынша қимыл қозғалыс жасайды.<br><br>4.**«Құрастыру»** дидактикалық ойыны.Балалрға қиылған көлік суреттері беріледі. Балалар топқа бөлініп қиылған суреттерді құрастырып, қандай көлік шыққанын айтады.<br><br>5. **«Көлеңкелі театр»** арқылы көлік түрлерін тауып алу.<br><br>6. **«Сұрақ жауап»** арқылы сабақта не туралы айтқанымызды сұрау.<br>Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>Көліктер неше түрге бөлінеді?<br>Балалар бүгінгі оқу іс әрекет сендерге ұнады ма?<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Көлік түрлерін ажырата алуды үйренеді. Сұрақтарға жауап береді. Көліктерді топтастыра алуды игереді. Ұжымдық жұмыс жасап үйренеді. |

## Циклограмма 5 апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 24.01.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Дене мүшелері»**<br>***Мақсаты:*** Балаларға дене мүшелерінің қазақша атауын үйрету;ауызекі сөйлеуін жетілдіру және қазақ тіліне деген қызығулылығын арттыру; тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** қуыршақ, суретті сөздіктер.<br>**Сөздік жұмысы:** дене мүшелері-части тела, бас-голова, қол-рук,аяқ-нога.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:** 1. Амандасу түрлерін меңгерту.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>-Сәлеметсіңдер ме балалар!<br>2. «Мен бастаймын, сен қошта» сөздік ойыны. Шарты: мұғалім сұрақ қояды,балалар жауап береді. Тақтадағы суреттерді көрсетіп,өткен тақырыпты естеріне түсіру.<br>- Мынау не?<br>- Сен не киесің?<br>(балалар шалбар,көйлек, жейде т.б жауап береді)<br>3.Жаңа сөздермен танысу.<br>-Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа қуыршақ келіпті. Қуыршақпен амандасамыз.<br>-Қуыршақ бүгін бізбен ойнайды.<br>«Не көріп тұрсың?» дидактикалық ойыны.<br>-Қуыршақтың дене мүшесімен танысамыз. (бас,аяқ,қол)<br>-Мынау басы. -Мынау қолы. -Мынау аяғы.<br>4.«Мұрын,мұрын,мұрын» дидактикалық ойыны.<br>Мұрын,мұрын,мұрын-бас.<br>Мұрын,мұрын,мұрын-қол.<br>Мұрын,мұрын,мұрын-аяқ.<br>(Балаларды шатастырып, басқа дене мүшелерін көрсетуге болады)<br>5.Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Берілген карточкадағы суреттерді қазақша атайды.<br>**Күтілетін нәтиже:** дене мүшелерінің қазақша атауларын біліп, оларды дұрыс айтып үйренеді. Дене мүшелері: бас,қол,аяқ сөздерінің аудармасын біліп, оны дұрыс көрсете біледі.Мұғалімнің сөзін түсініп, тапсырманы жылдам орындау дағдысын дамытады. |

**Циклограмма 4 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>31.01.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Азық түлік»**<br>***Мақсаты:*** Тағамдардың аттарын қазақша атап,күнделікті өмірде қолдануға үйрету.Дидактикалық ойындар арқылы жаңа тақырыпты естеріне сақтауға үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**Азық түліктердің суреттері,<br>**Сөздік жұмысы:**<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:** 1. Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>-Сәлеметсіндер ме балалар!<br><br>2. «Мен бастаймын, сен қошта» сөздік ойыны. Шарты: мұғалім сұрақ қояды,балалар жауап береді. Тақтадағы суреттерді көрсетіп,өткен тақырыпты естеріне түсіру.<br>- Мынау қандай көлік?<br>- Көліктер неше түрге бөлінеді?<br>(Мәшение, пойыз,автобус, жүк көлігі)<br>3.Жаңа сабақ. Азық түлік.<br>Балалар бүгінгі жаңа тақырыбымыз азық түлік деп аталады. Азық түліктердің түрлерімен танысамыз. Азық түлік қайда сатылатыны туралы, пайдалы азық түлікті көбірек тұтыну керектігін түсіндіру.<br>4. Бой сергіту. Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды соғамыз,<br>Бір отырып, бір тұрып.<br>Бір серігіп аламыз.<br>**5.«Қайталамақ» дидактикалық ойын.**<br>-Мынау нан.<br>-Мынау сүт.<br>-Мынау айран. Балалар суретке қарап ондағы суреттерді қайталайды.<br>**Күтілетін нәтиже:** Жаңа нан, сүт,май сөздерін дұрыс айтып, күнделікті өмірде қолдана білу. Тағамдардың қажеттілігін, үлкендердің еңбегін бағалау керектігін білетін болады. |

**Циклограмма апта 2 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>07.02.22.. | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Ас атасы нан»**<br>***Мақсаты:*** Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Нан түрлерінің аттарын қазақша атап, күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер: сұрақ жауап, суретті сөздіктер.**<br>**Сөздік жұмысы**:нан хлеб, наубайхана пекарня<br>**Мотивациялық-қозғаушылық**<br>**Шаттық шеңбері:** Армысың күн анамыз,<br>Бүгін бәрміз қуанамыз.<br>Дастарқанында әр үйдің,<br>Болсын қасиетті нанымыз.<br>**Ұйымдастырушылық- ізденістік** Нан ең қасиетті тағам, нанды күнде пайдаланамыз, әрқашан дастарқанымызда нан тұрады. Енді осы қасиетті наннның дастарқанға қалай келетіні жайлы түсіндіріп берейін. Жердің жыртуы Суару Бидай себуі Бидайдың пісуі Піскен бидайды жинау Диірменге апару Ұнның диірменнен шығуы Ұнның наубайханаға келуі Нанның пісуі Нанды халыққа сату Нанның дастарқанға келуі<br>**Тыйым сөздер.**<br>1.Нанды бір қолмен үзуге болмайды.<br>2.Нанды текке лақтырма.<br>3.Нанды жерге тастама.<br>-Балалар бойымызды сергітіп алайық.<br><br>**Сергіту сәті.** Бидай жерге отырды,<br>Жасыл түске айналды.<br>Бидай желмен қимылдап,<br>Жауын болып жауылды<br><br>**Дидактикалық ойын. «Кім не істейді?»** Ойынның шарты:Өздері таңдап алған суреттегі мамандық иесі не істейтінің айту. Диқаншы-егін егеді,баптайды. Тракторшы-жер жыртады. Наубайшы-нан пісіреді. Диірменші-ұн тартады.<br><br>**Күтілетін нәтижелер**:Нанның түрлерін біледі.Нанның дастарқанға келу жолын игереді.Нан туралы тыйым сөздерді, үлкендердің еңбегін құрметтей білуді меңгереді. |

**Циклограмма апта 3 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>14.02.22. | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:* «Ет тағамдары»**<br>***Мақсаты:*** Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Ет түрлерінің аттарын қазақша атап, күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер: сұрақ жауап, суретті сөздіктер.**<br>**Сөздік жұмысы:**ет мясо, ет тағамдары – мясные блюда, пісірілген ет – вареное мясо<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**<br>Сәлем саған күн нұры,<br>Сәлем саған жер-ана.<br>Сәлем саған достарым,<br>Сәлеметсіз бе, мұғалім!<br>Бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы қазақтың ұлттық тағамы ет.Бесбармақ – қазақ халқының атам заманнан келе жатқан ұлттық тағамы. Бесбармақты дайындау және оны ішіп-жеу кезінде ыдыстың үш түрі ғана қолданылады: қазанға пісіреді, табаққа салып жейді, сорпасын кесемен ішеді. Тіпті пышақ та аса қажет емес, етті қолмен жұлмалап жей берсе әбден болады. Тағамның «Бесбармақ» аталуы да сондықтан. Еттен көптеген тағам түрлерін жасауға болады. Еттің құрамында көптеген дәрумендер бар.<br><br>**«Қайталамақ» дидактикалық ойыны**. Тақтадағы  ет тағамдарының суреттері арқылы жұмыс.<br><br>**«Бой сергіту»**<br>Бұл қандай тағам?<br>Мақал – мәтелдер.<br>Мен саған, сен маған.<br>«Менің сүйікті тағамым»<br><br>**«Дәмді ойын» дидактикалық ойыны**. Тағам атауларында түсіп қалған атауларды тауып, сөйлемді толықтырып айтады. Мысалы: Мен ет жедім.<br><br>**Күтілетін нәтижелер**:Ет тағамдарының түрлерімен танысады. Ет тағамдарының қажеттілігін, үлкендердің еңбегін бағалау керектігін білетін болады. Ет тағамын күнделікті өмірде тұтынуға, етте көптеген дәрумендер бар екенін түсінеді. |

Тексерілді Әдіскері [signature]

## Циклограмма 5 апта «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 28.02.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Ыдыс-аяқ»**<br>***Мақсаты:*** Балалар ыдыс аяқтың қазақша атауын үйрету. Ыдыстарды салыстыру арқылы үлкен кіші ұғымын қайталау.Ыдыстарды таза ұстау керектігін түсіндіру арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:**суретті сөздіктер,кесе,әр түрлі көлемдегі ыдыстар. Үлестірмелі материалдар.<br>**Сөздік жұмысы:** Ыдыс-аяқ посуда, кесе-пияла, тәрелке-тарелка,үлкен-большой,кіші-маленкьий.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:** 1. Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>-Сәлеметсіңдер ме балалар!<br>1.«Мен бастаймын, сен қошта» сөздік ойыны. Шарты: мұғалім сұрақ қояды,балалар жауап береді. Тақтадағы суреттерді көрсетіп,өткен тақырыпты естеріне түсіру. Балалар азық түліктің түрлерін айтады.<br>2. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны. Балаларға тақтада ілінген ыдыстардың суреттерін көрсете отырып,аттарын атату. Ыдыстардың аттарын атап шығады.<br>3. «Дүкен» рөлді ойыны. Шарты: Ойын сатушы мен сатып алушының диалогында өтеді. Балалар ішінен «сатушы» сайланады. Сөреге ойыншық ыдыстар қойылады. Балалар бір бірлеп келіп, өздеріне керекті ыдысты сатып алады.<br><br>4. Бой сергіту. Мен дүкенге бардым,<br>Ыдыс сатып алдым.<br>Тәрелке мен кесені,<br>Әдемісін алдым.<br>5.Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Ыдыстарды атау.Ыдыстардың суретін көрсетіп, олардың көлемін салыстыру.<br>-Пияла<br>-Тәрелке<br>-Үлкен тәрелке<br>-Кіші тәрелке<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Тәрелке,кесе сөздерін дұрыс айту, қазақша атауын естеріне сақтау және күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Ұқыптылық дағдысын қалыптастыру.Ыдыс аяқтардың қазақша атауын естеріне сақтап, олардың көлемдерін салыстырып, үлкен кіші екенін айту. |

**Циклограмма апта 1 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 28.02.22. | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*** **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыту. Заттар тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** «салт дәстүрлер» слайд, кітап көрмесі, буклеттер,<br>**Сөздік жұмысы**: салт дәстүр-традиции,сырға-серьги,білезік-браслет,оюөрнек-орнамент<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**<br>Дәстүрге берік халықпыз Асқақтап<br>биік даңқымыз Үлкенді сылап<br>құрметтер Бар бізде<br>дәстүр салтымыз. Салт-<br>дәстүр дегеніміз ән, би, өлең, бесік жыры, қырқынан шығару, тұсау кесу, қонақжайлық, отқа май құю т.б. Ұлттық ойындар: арқан тартыс, қазақша күрес, асық. Қазақтар өте қонақжайлы халық болған.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Заттарды дұрыс орналастыр»**<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>1-топ – «40 - шығару» салт - дәстүріне қажетті заттарды алады, суреттің қасына қояды.<br>2- топ –«Тұсау кесу».<br>Педагог: - «Тұсау кесу» дәстүрін өткізу үшін қандай заттар керек?<br>Балалар: - қайшы, түсті жіптер<br>Педагог: - «40 - шығару»дәстүрін өткізу үшін, қандай заттар керек?<br>Балалар: - леген, су, қайшы, қасық....<br>Педагог: - Топтастырып қойдық, бірақ бесік, май шам, пышақ, жастық, көрпе....қалып қойды. Неге? Қажет емес пе? Бұл заттар қажет, бірақ басқа рәсімге. Балалар, (суретке назар аударып) ал осы салт - дәстүрді кім біледі? Біз бүгін жаңа салт - дәстүрмен танысамыз.<br>**Сергіту сәті**: әуен қойылады. Балалар ілесіп , қимылдар жасайды.<br><br>**Ойын «Хан талапай»** деп аталады. Ойынның шарты мынандай мына әдемі сандыққа әр түсті 5 асық саламын, бір бала шығып көзін жұмып сандықтан бір асық алады да, қандай түсті асық екенін айтады және сол түсті жерде жатқан конвертті тауып ішінен заттың суретін алып, атауын айтасыңдар.<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**Салт дәстүрлерді атай біледі.Ұлттық заттардың атауларын қолдана алады. |

**Циклограмма 3 апта «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>14.03.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:***«**Нұр төккен,гүл көктем**»<br>***Мақсаты:*** Жыл мезгілі көктем туралы түсінік беру.Көктем, жылы,жаңбыр,ағаш,қолшатыр сөздерін үйрену.Көктемгі еңбектің пайдасы туралы түсіндіру арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** қыс мезгілі туралы суреттер,суретті сөздіктер.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіңдер ме!<br>1.**Шаттық шеңберіне тұру:** Аспан түрді түндігін<br>Жерге сәуле жайылды.<br>Неткен ашық бүгін күн,<br>Қайырлы таң, қайырлы күн.<br>2.«Сұрақ жауап» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты қайталау. Санамақ.<br>3.Тақтадағы суреттермен әңгіме құрастыру. «Суреттер сөйлейді» дидактикалық ойыны.Сурет бойынша көктем мезгілі туралы түсінік беру. Көктем мезгілі. Құстар ұшып келді. Жаңбыр жауады. Балалар қолшатыр ұстап жүр. Көктем мезгіліндегі мерекелер туралы да балаларға түсінік беру. 8-наурыз халықаралық аналар мейрамы және Ұлыстың ұлы күні 22-наурыз мерекесі.<br>5. Сергіту сәтін өткізу: Көктем,көктем көңілді,<br>Ағаш ектік бақшада.<br>Құстар келіп қонады,<br>Дала жылы болады.<br>6. Дыбыстық жаттығулар. КӨ-КӨ-КӨ-КӨКТЕМ<br>ҚО-ҚО-ҚО-ҚОЛШАТЫР<br>ҚҰ-ҚҰ-ҚҰ-ҚҰС.<br>Балалар буындар мен сөздерді бірге қосылып және жеке жеке бірнеше рет қайталайды.<br>**Күтілетін нәтиже:** *Көктем, жылы, ағаш, жаңбыр, қолшатыр* сөздерін және қазақ тіліне тән дыбыстарды айта біледі; көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы танысады. |

**Циклограмма апта 3 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>14.03.22. | | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>*Тақырыбы:* **«Наурыз мейрамы»**<br>***Мақсаты:*** Халықтың дәстүрлі мерекесін қарсы алу, рухани дүниесін, ұлттық дүниетанымдық білімін жетіл ұғындыру. Сөздік қорларын байыту.<br>Ұлттық мейрамға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ұлттық бұйымдар, олардың әдемі суреттері.<br>**Сөздік жұмысы:**<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**<br>**Дыбыстық жаттығулар:**<br>-дің-дің-дің-біздің<br>-ңа-ңа-ңа-жаңа<br>ұлы-ұлы-ұлы-ұлыстың<br>-қыт-қыт-қыт-бақыт<br>Наурыз-жыл басы. Ұлыстың ұлы күні-Наурыз. Адамдар бір-біріне табыс, бақытты өмір тілейді. Тойға арнап наурыз пісіреді. Армысың, Наурыз!<br><br>**Сергіту сәті.** Наурыз туралы ән тыңдау. Музыка ырғағымен билеу.<br>**Сұрақ-жауап.**<br>-Наурыз қандай мереке?<br>-Адамдар бір-біріне не тілейді? Педагог балалардан бүгінгі оқу іс – әрекеті барысынан алған әсерлерін, көңіл күйлер немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды. Жаңа материалды еске түсіріп, хормен қайталатады.<br>Көрнекіліктер арқылы сөздік жұмысын жүргізу.<br>жыл басы-начало года<br>Ұлыстың ұлы күні-Великий праздник<br>табыс-успех<br>бақыт-счастье<br>тілеу-желать<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**Наурыз мейрамын біледі.Ұлттық мейрам туралы мағлұматты игерді. Наурыз мейрамында қан тағам түрлері жасалатынын меңгереді. |

**Циклограмма апта 4 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 21.03.22. | .09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>*Тақырыбы:* **«Қазақстанда тұратын халықтар»**<br>***Мақсаты:*** **Қазақстанда тұратын** барлық **халықтарды** құрметтеуге тәрбиелеу, олардың тарихына, салт-дәстүрлеріне, ұлттық киім элементтеріне қызығушылық тудыру; мәдени мұрасына, түрлі ұлттардың отбасылық дәстүрлеріне тарту, **халықтар** достығы- біздің тәуелсіз еліміздің басты игілігі екендігі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Суреттер, слайдттар<br>**Сөздік жұмысы:**халық народ, ұлт нация<br><br>**Мотивациялық-қозғаушылық:** Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Ал, балалар қане бәріміз шеңбер құрайық. Күн туған жерімізге нұрын шашып, әрдайым шуағын төгіп тұрады. Сол күнге ұқсас шеңберімізде тұрып әнұранды шырқайық.<br>1.Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>-Біз бас қалада қай қала?<br>-Қай тілде сөйлейміз?<br>-Бізқандай ұлтпыз?<br>-Қазақстан қандай мемлекет? (көп ұлтты, тәулсіз)<br>Әр адамның өз Отаны болады. Отан – ол біздің туған жеріміз, отбасымыз, осы тобымыз, айнала қоршаған ортамыз. Қазақстан үлкен, ғажап, әдемі ел. Қазақстан – біздің сүйікті отанымыз, оны мақтан тұтамыз. Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тұрады: Орыс,Татар, Башқұрт,Украин,Тәжік ,Өзбек,Қырғыз,Маңғол т.б.<br>Қазақстанның жері үлкен, көптеген қазба байлықтары бар.<br>2.**Сергіту сәті:**Отан бізді баласындай<br>Асырап бізді қорғайды<br>Біз Отанды сүйеміз,<br>Дос боп мәңгі жүреміз.<br><br>3.**«Суреттер сөйлейді»** дидактикалық ойыны. Тақтадағы ілінген суреттерді таныстырып суреттермен жұмыс жасау. Қазақстан картасымен таныстыру.Балалар ,үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұранымыз орындалады. Рәміздерді үлкен де , кіші де құрметпен жоғары ұстауы тиіс.Балалардың естерінде қалу үшін бірнеше рет айталату. Бас қала Нұр-Сұлтан, Қазақстан, Астана т.б.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақстанда тұратын халықтар туралы,Отан туралы түсініктері қалыптасады.Туған жерң жайлы өз ойымен, білгендерімен бөлісе алуды үйренеді. Отанын сүйе білуді,құрметтеуді меңгереді. |

**Циклограмма апта 3 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>11.04.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:«Жабайы аңдар»***<br>***Мақсаты:*** Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру, жаңа түлкі,қоян,аю сөздерін дұрыс айтқызып үйрету.Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін ояту арқылы табиғатты сүюге баулу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Суретті сөздіктер,жұмсақ ойыншықтар,үлестірмелі материалдар.<br>**Сөздік жұмысы:** жабайы аңдар-дикие животные, түлкі- лиса, қасқыр-волк, аю-медведь<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіңдер ме!<br>1.«Сұрақ жауап» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты естеріне түсіру. Тақтада ілінген суретті көрсету арқылы өткен сабақты естеріне түсіріп, жаңа сөздерді бірнеше рет қайталату. (Мысық,ит, үй жануарлары)<br>2. Жаңа сабақта жабайы аңдар туралы түсінік беру. Жабайы жануарлардың үй жануарларынан айырмашылығы туралы балаларға түсіндіру. Жабайы аңдар далада тіршілік етеді. Олар далада өз қоректерін тауып жейді. Олар өте қауіпті болады.<br>3.Үлестірмелі материалдар арқылы жұмыс. Жабайы аңдардың аттарын қазақша атау.<br>-Мынау қандай аң?<br>4. «Бұл қандай аң?» Суреттер таратылады.мысалы аю,түлкі, қасқыр және бал салынған бөшке, әдемі түлкінің құйрығы, қасқырдың аяғының суреттері. Балалар суретпен суретті сәйкестендіреді: аюға бал салынған бөшке,түлкіге әдемі құйрық, қасқырға мықты аяқ.Суреттерді сәйкестендіріп қосу.<br>5. Дыбыстық жаттығулар.<br>Ү-Ү-Ү- ТҮЛКІ<br>ҚА- ҚА -ҚА- ҚАСҚЫР<br>А- А -А -АЮ<br>Буындар мен сөздерді бірге қосып және жеке-жеке қайталау.<br>6.«Жанды ойыншықтар» дидактикалық ойыны. Балалар аңдардың жүрісін келтіріп жүреді.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Жабайы жануарлары: түлкі,қасқыр,аю сөздерінің қазақша аттарын естеріне сақтау. Суреттер арқылы жабайы жануарларды ажыратып, олардың аттарын дұрыс атай біледі. |

## Циклограмма апта 5 «Солнышко» ортаңғы топ

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>28.03.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Үй жануарлары»**<br>***Мақсаты:*** Үй жануарларының қазақша атын атап үйрену.Жаңа сөздерді меңгерте отырып,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларын қамқорлыққа алу керектілін айта отырып,адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Үлестірмелі материалдар.<br>**Сөздік жұмысы:** ит-собака,мысық-кошка,үй жануары-домашние животные.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіңдер ме!<br>1.**Шаттық шеңберіне тұру:** Арайланып таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды даламыз,<br>Жадырайды жанымыз.<br>2.«Сұрақ жауап» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты естеріне түсіру. Тақтада ілінген суретті көрсету арқылы өткен сабақты естеріне түсіріп, жаңа сөздерді бірнеше рет қайталату. (Көктем,жаңбыр,қолшатыр,құс, ағаш)<br>3.Жаңа сабақ. «Дауысынан таны» дидактикалық ойыны. Үй жануарлрының дыбыстары жазылған үнтаспаны тыңдату. Жануарлардың аттарын тауып айтады. Дұрыс айтасыңдар балалар бұл дыбыстар үй жатуарларының дыбыстары. Үй жануарларына төрт түлік мал: жылқы, түйе,ешкі, лақ, сиыр және ит, мысық жатады.<br>4.«Дауыс қайдан шықты» дидактикалық ойыны. Жұмсақ ойыншықтармен ит пен мысықтың дауысын салу. 5.<br>5.Сергіту сәтін өткізу: Иіліп оңға бір,<br>Иіліп солға бір.<br>Еңкейіп,шалқайып.<br>Отырып, тұрайық,<br>Шапалақ соғайық.<br>6. «Суреттермен жұмыс».Тақтада ілінген суреттерден үй жануарларының суретін мұғалім көрсетіп отырады. Балалар үй жануарының суретін көрсе ғана қол шапалақтайды.<br>7.Үлестірмелі материалдар арқылы балалар бүгінгі жаң сабақты бекітеді. Бірнеше рет қайталайды. Суреттен үй жануарларының суреттерін атымен атап таба алады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Үй жануарлары:ит,мысық сөздерінің қазақша аттарын естеріне сақтау. Суреттер арқылы үй жануарларын ажыратып, олардың аттарын дұрыс атай біледі. |

Тексерілді.

**Циклограмма апта 5 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 25.04.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Төлдер»**<br>***Мақсаты:*** *Б*алаларға үй жануарларын айыра білуге үйрету. Олардың төлдерін танып, аттарын атуға және оларды шақыруды үйрету.Баланың көру арқылы қабылдау түйсігін дамыту.Сөйлеу қабілетін қалыптастыру.Үй жануарларын сүюге, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Үй жануарлары мен төлдерінің суреттері.<br>**Сөздік жұмысы:** жануары-домашние животные,<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіндер ме! Жылулық шеңбері:<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық екеуміз,<br>Күлімдеп шыққан күнге<br>II. Өткен сабақты пысықтау<br>Сұрақ -жауап арқылы.<br>III. Жаңа сабақ: Балаға үй жануарларының суретін көрсете отырып олардың аттарын сұрау.<br>Мынау ненің суреті? Сиырдың суреті.Екеуміз бірге айтайықшы.<br>• С-и-ы-р.с-и-ы-р.<br>Осы сиырдың төлін не деп айтамыз? тауып берші?<br>• Б-ұ-з-а-у.б-ұ-з-а-у.<br>Мына суреттен бұзаудың суретін тауып берші?(бала бұзаудың суретін тауып сиырдың қасына орналастырады.)<br>Бұлар қалай дауыстайды?<br>• Мө-ө-ө,м-ө-ө-өө.<br>Олар қалай тіршілік етеді? Шөп жейді, су ішеді, жем жейді. Оларды кім күтіп баптайды? Адамдар Ал, оларға тамақ,су беру үшін қасымызға қалай шақырамыз? Әукім,әукім (Баланы мадақтау) Мынау ненің суреті?(қой,ешкі,жылқы. т.б) Бұлар қайда тіршілік етеді? Бұларды бір сөзбен қалай атаймыз? Үй жануарлары дейміз.<br>«Төлін тап» дидактикалық ойын.Балаларға тақтада үй жануарларының және төлдерінің суретін іліп қоямын.<br>Бала сол жануардың атын атап, суретін көрсетіп, қасына төлінің суретін қойып қояды.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Сиыр, қой,ешкі, жылқы, түйе үй жануарларының төлдерін ажырата алады. Олардың адамдарға тигізер пайдасы туралы біледі. Үй жануарларын адамдар күтіп баптайтындығын түсінеді. |

**Циклограмма апта 4 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>18.04.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Сүт тағамдары»**<br>***Мақсаты:*** Сүт және сүт тағамдарының түрлері бойынша түсінік беру, білімдерін тереңдету. Сүттің құрамы және сүттен жаалатын тағамдар жайында мәлімен беріп білімдерін дамыту. Сүт тағамдарын қастерлей білуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** үлестірмелі материалдар, сүт тағамдарының суреттері.<br>**Сөздік жұмысы:** сүт-молоко, құрт-курт, айран-кефир, ірімшік-сыр, сүзбе-творог.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіндер ме!<br>Сәлем саған Көк аспан,<br>Сәлем саған Жер-ана,<br>Сәлем саған Алтын Күн!<br>Сәлемет пе достарым?<br>1.-Балалар, бүгін біз оқу қызметінде сүт жайлы, сүт өнімдері жайлы өтеміз. Сүт өнімдері дегеніміз не?<br>- Ал сендер қандай сүттен жасалған өнімдерді білесіңдер?<br>-Сүт тағамдары қайда сақталады?<br>Төрт түлік малдан әр түрлі сүт өндіріледі. Түйеден – шұбат, биеден – қымыз, сиырдан – сүт, қойдан – қоймалжың, ешкіден – сүт. Сүт – ең жұғымды тағамдардың бірі. Сүт сонымен қатар денсаулыққа пайдалы. Көптеген ауруларға ем. Өйткені сүтте көптеген дәрумендер бар. Сүттің құрамында: сүт су, минералды тұздар және майдан тұрады. Жылқының қымызы, түйенің шұбаты, қой, ешкі, сиырдың айраны мен құрты тамақ пен сусын ғана емес, денсаулыққа пайдасы бар дәрілік қасиеттері де бар тағамдар. Асқазан, жүрек, бүйрек, бауыр ауруларына пайдалы. Қазіргі өндіріс салаларында сүттен дайындалатын өнімдер өте көп.<br>2.Бой сергіту. Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды соғамыз,<br>Бір отырып, бір тұрып.<br>Бір серігіп аламыз.<br>**3. «Қайталамақ» дидактикалық ойыны.** Тақтадағы көрнекілік арқылы жұмыс.<br>-Мынау-сүт.<br>-Мынау-айран.<br>-Мынау-май.<br>Балалар суретке қарап,ондағы заттың атын бірге қосып қайталайды.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Сүт және сүт өнімдерінің түрлерін,олардың пайдасын түсінеді. Сүт өнімдерінің қасиеттерін анықтай алады.Сүт өнімдері туралы білімдерін күнделікті тұрмыста қолданады. |

**Циклограмма апта 1 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>02.05.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>*Тақырыбы:* «Отан қорғаушылар»<br>***Мақсаты:*** .Отанын, елін, жерін сүюге, қорғауға, сыйлауға тәрбиелеу.Балаларға отан қорғаушылар күні туралы мәлімет беру. Танымдық қасиеттерін ояту.Ел үшін қызмет етуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Фотосуреттер, көрнекілік құралдар<br>**Сөздік жұмысы:**халық народ, Отан родина<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**<br>Шаттық шеңбер:<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты<br>Жарқырайды күніміз<br>Жайнайды гүліміз<br>Қайырлы таң апайлар<br>Қайырлы таң достарым<br>Балалар болатын іс-әрекетіміз көркем әдебиет сабағы. Балалар жылдың қай мезгілі? -Ал балалар көктемнің қай айы? Мамыр айының 7 жұлдызы күні отан қорғаушылар күні деп жариялады. Тәуелсіз Қазақстанның әскері жаңарып. Қарулы күштер жаңарып жатты.Дәстүр бойынша осы мереке күні президентіміз Нұрсылтан Әбішұлы Назарбаев әскери қызметте көзге түскен немесе ерлік жасаған Қазақстан қарулы күштер қызметтерін марапаттайды.Себебі Отан қорғаушылар күні-түні еліміздің тыныштығы үшін қызмет етеді. Олар еліміздің тыныш, бибітшілік өмір сүруіне мол үлестерін қосуда Отан сенің ата-анаң Отан сенің бауырың Отан өлкең астанаң Отан аудан, ауылым.<br>2.**Сергіту сәті:** Әр бала «Отан қорғаушыларға»арнап тақпақтарын айтып береді<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Қолды алға созамыз<br>Бір отырып,бір тұрып,<br>Қолды белге қоямыз<br>Жоғары төмен қараймыз<br>Алға бір адым Артқа бір адым<br>Орнымызға отырамыз<br>**«Суретті сөздік» дидактикалық ойыны.**<br><br>**Күтілетін нәтиже:** 7 мамыр Отан қорғаушылар күні туралы біледі.Сұраққа жауап беруді меңгереді.Батырларымыз туралы мағлұмат алады. |

**Циклограмма апта 3 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
| --- | --- | --- |
| Дүйсенбі | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Көңілді жаз»**<br>**Мақсаты:**Жыл мезгілдері түсінік беру. Жаңа сөздерді меңгерту арқылы сөздік қорларын толықтыру,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға тәрбиелеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер: жаз мезгілінің суреттері. Суретті сөздіктер. Үлестірмелі материалдар.**<br>**Сөздік жұмысы:** жаз-лето, ыстық-жаркий, горячий, гүл-цветок.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:** -Сәлеметсіңдер ме! Жылулық шеңбері:<br>Сәлем саған Көк аспан,<br>Сәлем саған Жер-ана,<br>Сәлем саған Алтын Күн!<br>Сәлемет пе достарым?<br>2. Өткен сабақты еске түсіру. Сұрақ жауап арқылы балалардың өткен сабақты естеріне түсіріп, сабақты пысықтау.<br>Балалар қндай түстерді білесіңдер?<br>Оларды атаңдар?<br>• III. Жаңа сабақ: Жаз тақырыбында тақтада ілінген сурет бойынша әңгімелеу. Жаз мезгілінде күн жылынып кейде ыстық болады. Далада әдемі гүлдер өте көп болады. Гүлді жұлуға болмайды. Көбелектер гүлдерге қонады. Жазда айналаның бәрі жап жасыл болып, алма ағаштары гүлдейді.<br><br>**Сергіту сәті:** Өзі сондай нәзік,<br>Су құйсақ кетеді.<br>Алақанын жайып,<br>Бұл не,балалар?<br>3.Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Суреттермен әңгіме құрастыру. Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру,тілдерін дамытумақсатында «Суретті құрастыр» ойыны. Гүл мен көбелектерді орындарына жапсырады. Балалар сурет бойынша бірнеше сөйлем құрастырады. Мыс: ***Жаз.Дала ыстық. Далада көбелектер көп.***<br><br>**Күтілетін нәтиже:** жаз,ыстық,гүл,көбелек сөздерін дұрыс айтып үйрену, осы сөздерде кездесетін төл дыбыстарды дұрыс айту. |

**Циклограмма апта 3 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі 16 .05.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*«Түстер»**<br>***Мақсаты:*** Түстер тралы мағлұмат бере отырып, олардың қазақша атауларын күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Жаңа сөздермен танысу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Эстетиклық тәрбие беру.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер: түрлі түсті доптар, суретті сөздіктер.**<br>**Сөздік жұмысы:**қызыл-красный, жасыл-зеленый, сары-желтый, көк-синий.<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:**-Сәлеметсіңдер ме!<br>Сәлем саған Көк аспан,<br>Сәлем саған Жер-ана,<br>Сәлем саған Алтын Күн!<br>Сәлемет пе достарым?<br>2.Өткен тақырыпты еске түсіру үшін тақтадағы суретке балалардың назарын аудару. Ілінген суреттер бойынша балаларға сұрақтар қою.<br>-Балалар мынау ненің суреті?<br>-Сүтті біз қайдан аламыз?<br>-Сүттен қандай тағамдар жасалады? Жауап берген балаларға смайликтермен бағалау.<br>3.Жаңа сабақ. Түстер. «Бағдаршам» дидактикалық ойыны. Балалармен бірге қайталап қимылдар жасау. Жасыл (түсті көрсету) жүреміз (бір орнымызда).Сары дайындаламыз. Қызыл тоқтаймыз. Бағдаршам түстерін бірнеше рет қайталату.<br>4.«Кемпірқосақ түстері» дидактикалық ойыны. Суретті сөздіктер арқылы түстерді атау. Қызыл-алма, гүл,доп. Жасыл қияр,жапырақ,алма. Сары лимон, доп, жапырақ. Көк көйлек,қарындаш,доп.<br>5.Сергіту сәті: Сары,жасыл,қызыл көк гүлдер,<br>Бұл недеген көп гүлдер.<br>Теріп,теріп алайық,<br>Қонақтарға сыйлайық.<br>7. «Сұрақ жауап» дидактикалық ойыны<br>-Мынау не?<br>-Күннің түсі қандай?<br>-Мынау не?<br>-Гүлдің түсі қандай?<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Түстердің қазақша атауын (көк,қызыл,сары,жасыл) атай біледі. Түстерді қолдана алады және салыстыруды меңгереді. Түстерді айыра алуды игереді. |

**Циклограмма апта 4 «Солнышко» ортаңғы топ**

| Күні | Уақыты | Тақырыбы |
|---|---|---|
| Дүйсенбі<br>23.05.22 | 09:30 | **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** Қазақ тілі<br>***Тақырыбы:*** **«Мен жасай аламын»**<br>***Мақсаты:*** Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын қазақша айта білуге үйрету.<br>Сөздік қорларын байыту, бекіту. Көмекші, қолғанат болу қабілеттерін тәрбиелеу. Қазақ тілін үйренуге қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер:** Суреттер, кеспе әріптер<br>**Сөздік жұмысы**:мен-я, біз көмекшіміз – мы помошники<br>**Мотивациялық-қозғаушылық:** Амандасып, жылдың қай мезгілі, аптаның қай күні екенін анықтап алу.<br>**Дыбыстық жаттығулар:**<br>-ші-ші-ші-көмекші<br>-ық-ық-ық-қасық<br>-қы-қы-қы-шанышқы<br>-ші-ші-ші-көмекші<br>Біз кезекші боламыз. Дастарқан жасаймыз. Гүлге су құямыз. Балыққа жем береміз. Тақта сүртеміз. Дәптерлерді таратамыз. Ыдысты жинаймыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Қуанышқа бөленген әр күніміз,<br>Бақыттымыз балалар барлығымыз.<br>Өмір тым жайдары,<br>Қызықтың қайнары,<br>Бақшамыз жайдары..<br>**«Менен кейін қайтала»** сөздік жұмысын жүргізу.<br>кезекшіміз-дежурные<br>таратамыз-раздаем<br>су құямыз-поливаем<br>жем береміз-кормим<br><br>**Күтілетін нәтижелер:** Үлкендерге және бір-біріне көмектесу керек екенін біледі.<br>Сұрақтарға жауап беріп үйренеді. Өздері жасай алатын заттары туралы меңгеред. |